

## Телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту ережесі туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 24 маусымдағы № 282-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде 2004 жылғы 3 тамызда тіркелді. Тіркеу № 2983. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2009 жылғы 30 қарашадағы № 377-НҚ бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2009.11.30 № 377-НҚ бұйрығымен.

Ескерту: Тақырыбы жаңа редакцияда жазылды;  
кіріспеде және бұдан әрі мәтін бойынша:

"Табиғи монополия саласына жатқызылған" деген сөздер алынып тасталды;

"телекоммуникациялар" деген сөз "телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін" деген сөздермен ауыстырылды;

"ұсыну" деген сөз "бекіту" деген сөзben ауыстырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы № 76-НҚ бұйрығымен .

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-1-бабының 6) тармақшасына, 15-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 20 маусымдағы № 1141 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі туралы ереженің 13-тармағының 6) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 қазандағы № 1126 қаулысымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтік саясатын жетілдірудің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 35-тармағына сәйкес, сондай-ақ телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне бірыңғай тәртібін және уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту талаптарын белгілеу мақсатында

### ***Бұйырамын :***

1. Қоса беріліп отырған телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту ережесі бекітілсін .

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу

**агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 76-НҚ бұйрығымен.**

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Телекоммуникациялар және аэронавигация саласындағы реттеу мен бақылау жөніндегі департаменті (Е.М.Досмағамбет) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Әкімшілік және аумақтық жұмыстар департаменті (Токарева М.А.) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін:

1) оны белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін;

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын өзім бақылаймын.

5. Осы бұйрық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді.

*Т ө р ағ а н ы ң*

*міндетін атқаруышы*

*К е л і с і л д і :*

*Қазақстан Республикасы  
Ақпараттандыру және байланыс  
ағенттігінің төрағасы*

2004 ж. 5 маусым

*Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі  
Салық комитетінің төрағасы*

2004 ж. 6 маусым

"Телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне уақытша төмендету коэффициенттерін белгілеу және алып тастау ережесін бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасының  
Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі

а г е н ттігі т ө р ағ а сы ның  
м ін д етін а т қ а р у шы ның  
2 0 0 4 ж ы л ф ы 2 4 м ау с ы м дағы  
N 282-НҚ бұйрығымен бекітілген

Телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне уақытша тәмендету коэффициенттерін белгілеу және алыш тастау ережесі

Ескерту: "белгілеу және алып тастау", "белгіленген", "ұсыну", "белгілеу" деген сөздер тиісінше "бекіту", "бекітілген" деген сөздермен аудиострылды; "Табиғи монополия саласына жатқызылған" деген сөздер алынып тасталды; "телекоммуникациялар" деген сөз "телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін" деген сөздермен аудиострылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 76-НҚ бүйрекшімен .

## 1. Жалпы ереже

1. Телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне уақытша төмендегу коэффициенттерін бекіту ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Байланыс туралы", "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 қазандағы N 1126 қаулысымен бекітілген Табиғи монополия субъектілерінің тарифтік саясатын жетілдірудің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2. Ереже телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту тәртібін және талабын айқындайды.

3. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:  
уақытша төмендегі коэффициенті - уәкілетті орган белгілеген және  
телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметінің тарифіне  
қолданылатын шама;

өтеу кестесі - телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін пайдаланушының және байланыс операторының бірінші басшысының қолдарымен расталған байланыс қызметтерін пайдаланушының байланыс операторының алдындағы мерзімі өткен кредиторлық берешегін өтеу кестесі; өтінім - телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін

пайдаланушының, байланыс операторының телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметінің тарифіне оның жоспарланған деңгейін көрсете отырып, уәкілдегі органға уақытша төмендету коэффициентін (еркін нысанда) бекітуге арналған жазбаша үндесулері;

телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін тұтынудың мәлімделген көлемі - уақытша төмендету коэффициентін бекітуге арналған өтінімде көрсетілген телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметін пайдалану көлемі;

құзыретті орган - байланыс саласындағы уәкілдегі орган;

телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін пайдаланушы - телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін алғышын жеке немесе заңды тұлға;

мерзімі өткен кредиторлық берешек - қаржы міндеттемелердің сомасын шартқа сәйкес бекітілген мерзімде орынданаған, телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін пайдаланушының байланыс операторының алдындағы ақшалай қарыздары;

уәкілдегі орган - бекітілген құзырет шегінде табиғи монополиялар салаларындағы қызметке бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган немесе облыстық (республикалық маңызы бар қалалар, астаналар) атқарушы орган;

телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтері - телекоммуникациялар көрсететін әмбебап қызметтерді қоспағанда, қызметтердің осы түрлерін ұсынудың технологиялық мүмкін болмауы не экономикалық тиімсіздігі себебі бойынша бәсекелес байланыс операторы болмаған кезде телекоммуникациялар қызметтері және телекоммуникациялар желілерін ортақ пайдаланудағы телекоммуникациялар желісіне қосуға технологиялық жағынан байланысты кәбілдік көріздер мен өзге де негізгі құралдарды мүліктік жалдауға (жалға) немесе пайдалануға беру жөніндегі қызметтер.

Осы Ережеде пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

**Ескерту: 3-тармаққа өзгертулер енгізілді;**

бұдан әрі барлық мәтін бойынша "байланыс қызметтерін" деген сөздер "телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 76-НҚ бүйрекімен .

**2. Телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметінің тарифіне уақытша төмендету коэффициентін бекіту қағидаттары**

4. Уақытша төмендеги коэффициенті экономикалық тиімділігі есебінің және телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін (бұдан әрі - телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметі) әрбір қызметі бойынша жеке телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін пайдаланушы, байланыс операторы мен мемлекет үшін оны қолдану мақсаттылығының негізінде **белгіленеді**.

Уақытша төмендеги коэффициентін бекітудің экономикалық тиімділігі телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін көрсету, телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін пайдаланушы мен байланыс операторына түсетін табыстар көлемінің арттыруымен, жұмыспен қамтылған халықтың өсуі мен мемлекет бюджетіне түсуімен айқындалады.

5. Уақытша төмендеги коэффициентін бекітуді үәкілетті орган телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін пайдаланушының не байланыс операторының өтінімі бойынша жүзеге асырады.

6. Уақытша төмендеги коэффициентін қолдана отырып, телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін бекіту кезінде байланыс операторына түсетін табыстар телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерінің осындай түрін бекітумен байланысты шығындарды **жабуға тиіс**.

**Ескерту: 6-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиги монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 76-НҚ бұйрығымен .**

7. Байланыс операторы үшін уақытша төмендеги коэффициенті телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметінің (байланыс операторының өтінімінде көрсетілген) өтінім берген бекіту көлемі:

әткен жылдың тиісті кезеңінде телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметін **бекітудің нақты көлемінен**;

байланыс операторының қолданыстағы тарифтік сметасында және (немесе) тарифінде көзделген телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметін **бекіту көлемі асқан жағдайда белгіленеді**.

Телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін пайдаланушы үшін уақытша төмендеги коэффициенті, телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметінің өтінім берген тұтыну **көлемі:**

әткен жылдың тиісті кезеңінде телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметін **пайдаланудың нақты көлемінен**;

байланыс операторының қолданыстағы тарифтік сметасында және (немесе) тарифінде көзделген телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін осы пайдаланушының телекоммуникациялардың реттеліп

көрсетілетін қызметтің пайдалану көлемі асқан жағдайда белгіленеді.

**Ескерту: 6-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 76-НҚ бұйрығымен .**

8. Байланыс қызметтің пайдаланушы үшін уақытша төмендету коэффициенті ағымдағы міндеттемелердің 100 пайыз төлеген, өтеу кестесіне сәйкес кредиторлық берешекті өтеген кезде және (немесе) мерзімі өткен кредиторлық берешегі болмаған жағдайда, сондай-ақ салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегі және жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы салымдары бойынша берешегі болмаған кезде жүргізіледі.

9. Уақытша төмендету коэффициенттері айдың бірінші күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және бір күнтізбелік жылдан аспайтын белгілі бір кезеңге ұсынылады.

### **3. Телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту тәртібі**

10. Телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін пайдаланушы немесе байланыс операторы (бұдан әрі - өтінім беруші) өтінімді және осы Ереженің 1-қосымшасына сай негіздеуші құжаттарды ұсынған кезде уақытша төмендету коэффициентін бекітуді мынадай талаптарды сақтай отырып уәкілетті орган жүргізді:

алдыңғы жоспарланған кезең үшін (өтінімді берудің алдыңғы айы немесе тоқсаны, төрт тоқсаны және алдыңғы күнтізбелік жылы), сондай-ақ байланыс қызметтің пайдаланушы, байланыс операторы, мемлекет үшін уақытша төмендету коэффициентін қолданудың болжалды экономикалық нәтижелерін тоқсан бойынша бөле отырып, нақты деректер ұсынады;

негіздеуші құжаттардың әрбір парагына жеке тұлға не занды тұлғаның бірінші басшысы, ал қаржы құжаттарға бас бухгалтер қол қояды. Бұл ретте факсимильдік қол жарамсыз деп танылады. Жеке тұлға, бірінші басшы мен бас бухгалтер ұсынып отырған ақпараттың растиғына Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.

11. Уәкілетті орган уақытша төмендету коэффициентін бекітуге өтінім түскен күнінен бастап бес жұмыс күннің ішінде ұсынылған құжаттардың толықтылығын тексеруге және өтінімді қарауға алғаны туралы не алудан бас тартқаны туралы өтінім берушінің жазбаша негіздеуші нысанда хабарлауға тиіс.

12. Осы Ережеге сәйкес талап етілетін құжаттарды ұсынбаған немесе толық көлемде ұсынбаған, ұсынылған құжаттар осы Ереженің 10-тармағының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, уәкілетті орган өтінімді қарауға алудан бас тартады .

Осылай бас тартылған жағдайда өтінім беруші уәкілетті органға өтініммен бір айдан кейін жүгінуге құқылы.

13. Уәкілетті орган өтінімді қарауға қабылдағаны туралы хабарлама алғаннан кейін өтінім беруші бес жұмыс күн ішінде осы өтінімді хабарламаның қосымшасымен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің (бұдан әрі - Салық комитеті) қарауына жолдайды. Өтінім беруші жоғарыда көрсетілген мемлекеттік органдардан басқаларға өтінімді байланыс операторы қорытынды беруіне жолдайды.

Егер өтінім беруші телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін пайдалануши болып табылған жағдайда, өтінім байланыс операторы қорытынды беруі үшін жолданады.

14. Қажет болуынан қарай, уәкілетті орган өзінің өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін байланыс қызметін пайдалануышыдан, байланыс операторынан, сондай-ақ құзыретті органнан қосымша ақпарат сұрауға құқылы.

Бұл ретте, өтінімді қарау мерзімі сұратылған ақпарат алынғанға дейін тоқтатыла тұрады, бірақ 10 жұмыс күнінен аспайды.

Уәкілетті орган, құзыретті орган, салық комитеті, байланыс операторы құпияны құрайтын және заңмен қорғалатын өзге де ақпаратты жариялағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына бекітілген тәртіппен жауапкершілік көтереді.

15. Салық комитеті, байланыс операторы өтінім берушіден өтінімді алған күнінен бастап он жұмыс күннің ішінде уәкілетті органға қорытынды ұсынады, онда уақытша тәмендету коэффициентін бекітудің мақсаттылығы не мақсатсыздығының негізdemесі көрсетіледі.

Байланыс операторының қорытындыларында ұсынылып отырған уақытша тәмендету коэффициенті деңгейінің есебін келтіруге тиіс. Көрсетілген ұйымдар қорытындыларды бекітілген мерзімде ұсынбаған жағдайда, уәкілетті органда өтінімнің қарау мерзімі тиісті қорытындылар алғанға дейін тоқтатыла тұрады, бірақ 5 жұмыс күнінен аспайды.

Салық комитеті, байланыс операторы бекітілген мерзімде қорытындыларды, сондай-ақ сұратылған қосымша ақпаратты ұсынбаған кезде, уәкілетті орган барлық мүдделі ұйымдарды жазбаша хабарламамен уақытша тәмендету коэффициентін бекітуден бас тартуға не уақытша тәмендету коэффициентін бекітудің экономикалық тиімділігін бағалау негізінде дербес шешім қабылдауға құқылы.

Уақытша тәмендету коэффициентін бекітуден бас тартылған жағдайда, уәкілетті орган өтінімді қарау мерзімінің шегінде тиісті негіздеуші қорытынды шығарады, ол өтінім берушіге жолданады.

Уәкілетті орган өтінім берушінің бастамашылығы бойынша не мемлекеттік

органдардың өтініші бойынша берілген қосымша ақпаратты алған кезде өтінімді қарауды бес жұмыс қүннен аспайтын мерзімге ұзартуға құқылы.

16. Егер байланыс операторы, құзыретті орган мен Салық комитеті уақытша төмендету коэффициентін бекітуге келіспейтіндігі (келісетіндігі) туралы қорытынды шыгарған жағдайда, түпкілікті шешімді уәкілетті орган қабылдайды.

17. Уәкілетті орган телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін пайдаланушы ұсынған құжаттарға және байланыс операторы, құзыретті орган және Салық комитеті ұсынған қорытындыларына өтінімді қарауға хабарлама түскен күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде сараптама жүргізеді. Осы Ереженің 14 және 15-тармақтарында көзделген жағдайларда шешім қабылдау мерзімі тоқтатыла тұрады не көрсетілген тармақтарға сәйкес ұзартылады.

18. Уәкілетті орган құзыретті органның, Салық комитетінің, байланыс операторының, телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін пайдаланушының өкілдерінің және тәуелсіз сарапшылардың қатысуымен мәслихаттар өткізуге құқылы.

19. Уәкілетті орган жүргізілген сараптаманың нәтижелері бойынша уақытша төмендету коэффициентін бекіту туралы не оны бекітуден бас тарту туралы  
ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

Уақытша төмендету коэффициентін бекіту туралы шешім уәкілетті органның бірінші басшысының не оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығының (бұдан әрі - бұйрық) түрінде қабылданады.

Уақытша төмендету коэффициентін бекіту туралы бұйрық байланыс қызметін пайдаланушыға, байланыс операторына, құзыретті органға және Салық комитетіне бұйрық қолданысқа енгізілгенге дейін кем дегенде 10 күнтізбелік күн мерзімі ішінде жолданады.

#### **4. Телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне уақытша төмендету коэффициенттерін қолдану тәртібі**

20. Байланыс операторы мен байланыс қызметін пайдаланушының арасында жасасылған шарттың негізінде бұйрықпен бекітілген уақытша төмендету коэффициентін байланыс операторы қолданады. Осы шарт бекітілген уақытша төмендету коэффициентінің қолданыс кезеңін және байланыс қызметін пайдаланушының тиісті уақыт кезеңінде уақытша төмендету коэффициентін қолданбай, көрсетілген телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметін пайдаланудың нақты орындалған көлеміне тарифті қайта есептеу түрінде байланыс операторының телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметінің мәлімделген көлемін орындағаны үшін жауапкершілігін көздейді.

**Ескерту: 20-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 76-НҚ бүйрекшімен .**

21. Байланыс операторы мен байланыс қызметін пайдаланушы арасындағы шарт Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен бұйрыққа қол қойылған күннен бастап жеті жұмыс күннен кешіктірмей жасалуға тиіс.

22. Байланыс операторы есепті кезеңде, оның ішінде осы Ереженің 2-қосымшасына сай уақытша төмендету коэффициенті қолданылған телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметінің ұсынылған нақты көлемдері туралы ақпаратты уәкілетті органға және Салық комитетіне тоқсан сайын **бекітуге тиіс.**

**Ескерту: 22-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 76-НҚ бүйрекшімен .**

## **5. Телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне уақытша төмендету коэффициенттеріне алыш тастау тәртібі**

23. Уақытша төмендету коэффициентінің қолданысы бекітілген мерзім аяқталғаннан кейін, сондай-ақ уәкілетті орган байланыс операторының телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметіне жаңа тариф бекіткен сәттен бастап тоқтатылады.

24. Бекітілген уақытша төмендету коэффициенті уәкілетті орган белгілеген мерзімі аяқталғанға дейін мынадай жағдайлардың біреуі:

1) уақытша төмендету коэффициентін одан әрі қолданудың экономикалық макасатсыздығы ;

2) байланыс қызметін пайдаланушының байланыс операторының алдында кредиторлық берешегінің пайда болуы немесе өтеу кестесін орындамаған;

3) осы Ереженің 7-тармағымен бекітілген өлшемдеріне сәйкес келмеуі;

4) бұйрықпен көзделген, сондай-ақ осы Ереженің 20-тармағына сәйкес жасалған шарттың талаптарын орындамаған кезде алышып тасталуы мүмкін.

**Ескерту: 24-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 76-НҚ бүйрекшімен .**

25. Осы Ереженің 25-тармағында көрсетілген жағдайлар туындаған жағдайда, байланыс операторы осы туралы ақпаратты уәкілетті органға және байланыс қызметін пайдаланушыға жедел бекітуге тиіс.

26. Құзыретті орган, Салық комитеті, байланыс операторы, телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін пайдаланушы уәкілетті органға уақытша төмендету коэффициентін алыш тастау туралы ұсыныспен, осындаі алыш тастауды негіздейтін құжаттарды ұсынып жүргінуге

## Қ Ұ Қ Ы Л Ы .

Байланыс операторының бекітілген уақытша төмендегу коэффициентінің қолданысын дербес алып тастауға құқығы жоқ.

Бекітілген уақытша төмендегу коэффициентін мерзімнен бұрын алып тастау туралы шешімді уәкілетті орган қабылдайды.

**Ескерту: 26-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 76-НҚ бүйрекімен .**

27. Уәкілетті орган уақытша төмендегу коэффициентін бекітілген мерзім аяқталғанға дейін алып тастау туралы шешімді қабылдаған кезде құзыретті органға, Салық комитетіне, байланыс операторына қорытынды үшін жүгінуге, сондай-ақ байланыс қызметін пайдаланушыдан ақпарат сұрауға құқылы.

Уәкілетті орган ұсынған қорытындыларды ескере отырып, құжаттарды алған сэттен бастап он жұмыс күн ішінде уақытша төмендегу коэффициентін алып тастау жөнінде негіздеуші құжаттарға сараптама жүргізеді.

Көрсетілген ұйымдар мен мемлекеттік органдар сұраныс жасалған сэттен бастап он жұмыс күннің ішінде қорытындыларды ұсынбаған жағдайда, уәкілетті орган бар болған қорытындыларды ескере отырып, он жұмыс күннің ішінде уақытша төмендегу коэффициентін алып тастау жөнінде негіздеуші құжаттарға сараптама жүргізді .

**Ескерту: 27-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 76-НҚ бүйрекімен .**

28. Жүргізілген сараптаманың нәтижелері бойынша уәкілетті орган уақытша төмендегу коэффициентін алып тастау туралы бұйрық түрінде, осы бұйрық қолданысқа енгізгенге дейін он күнтізбелік күннен кешіктірмей байланыс операторына, құзыретті органға, Салық комитетіне хабарлама жолдай отырып шешім қабылдауды .

Байланыс операторы уақытша төмендегу коэффициентін алып тастау туралы ақпаратты байланыс қызметін пайдаланушының назарына уәкілетті органның бұйрығын қолданысқа енгізу күніне дейін 5 күнтізбелік күннен кешіктірмей жеткізуге тиіс.

29. Уақытша төмендегу коэффициентін алып тастау туралы ұсыныс қабылдамаған жағдайда, уәкілетті орган қорытынды шығарады, ол осындай ұсыныспен жүгінген тұлғаға жолданады.

Телекоммуникациялардың реттеліп  
көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне  
уақытша төмендегу коэффициенттерін  
бекіту ережесіне  
1-қосымша

**Ескерту: 1-қосымшаға өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 76-НҚ бүйрекшімен .**

**Телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін  
қызметінің тарифіне уақытша төмендету  
коэффициентін бекіту үшін өтінім  
берушінің ұсынатын құжаттары**

1. Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес реттелетін байланыс операторының телекоммуникациялардың әрбір қызметіне уақытша төмендету коэффициентін бекітудің деңгейін және мерзімін көрсете отырып, уақытша төмендету коэффициентін бекіту немесе алып тастауға арналған өтінім (еркін нысанда).

2. Өтінім берушінің (жеке немесе заңды тұлғаның) толық атауы, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені, қайта тіркелгені туралы куәліктің нотариальды куәландырылған көшірмесі немесе жеке кәсіпкердің (жеке тұлғаның) мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің көшірмесі, қызметтің түрі.

3. Құзыретті органның уақытша төмендету коэффициентін бекітудің мақсаттылығы не мақсатсыздығы туралы қорытындысы.

4. Уақытша төмендету коэффициентін бекітудің (экономикалық және техникалық аспекттері) мақсаттылығы туралы, оның сұратып отырған деңгейінің есебін қамтитын анықтама-негіздеме.

5. Өткен жылдың тиісті кезеңімен (тоқсан, жарты жыл, 9 ай, жыл) салыстырғанда уақытша төмендету коэффициентін бекітудің нәтижесінде бюджеттің алдында салықтық міндеттемелердің сақталуы немесе артуы туралы анықтама - негіздеме .

6. Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер мен берешек бойынша, жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы салымдар бойынша, ағымдағы айдың бірінші күнінің жағдайы бойынша (егер өтінім беруші Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салық салық төлеуші болып табылған жағдайда) берешегінің болмауы (болуы) туралы анықтама .

7. Өтінім берушінің алдыңғы жылдың (өтінімдерді берудің алдындағы айы немесе тоқсаны, төрт тоқсаны және өткен күнтізбелік жыл үшін) тиісті кезеңі үшін және ағымдағы жылдың өткен кезеңі үшін баланс көлемінде қаржы-шаруашылық қызметін талдау, сондай-ақ оларға түсіндірме жазба.

8. Шығындардың баптары бойынша бөле отырып, реттеліп көрсетілетін қызметтердің атауы мен өзіндік құны.

**Ескерту: 8-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды**

**реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 76-НҚ бұйрығымен .**

9. Телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін пайдаланушы мен байланыс операторының арасындағы ағымдағы айдың бірінші күніне өзара есеп айырысуладың салыстыру актісі. Мерзімі өткен кредиторлық берешек болған жағдайда - өтеу кестесі.

**Ескерту: 9-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 76-НҚ бұйрығымен .**

10. Заттай және құнды көріністе тоқсан бойынша бөле отырып, телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметінің нақты (алдыңғы төрт тоқсан және алдыңғы күнтізбелік жыл үшін) және реттеліп көрсетілетін қызметін тұтынудың мәлімделген көлемдері. Реттеліп көрсетілетін қызметін тұтынудың көлемдерін байланыс операторының телекоммуникациялардың әрбір қызметінің бөлісінде көрсету қажет .

**Ескерту: 10-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 76-НҚ бұйрығымен .**

Телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту ережесіне 2-қосымша

**Ескерту: 2-қосымшаға өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 76-НҚ бұйрығымен .**

**Телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметінің тарифіне уақытша төмендету коэффициентін бекітілген кезде байланыс операторының тоқсан сайын ұсынатын құжаттары**

1. Телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін пайдаланушымен бірге уақытша төмендету коэффициенті бекітілген телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін бекіту жөнінде жасасқан шарттар туралы ақпарат .

2. Әрбір телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін пайдаланушының бөлісінде уақытша төмендету коэффициенті бекітілген телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтердің нақты өндірілген көлемі .

3. Байланыс операторының, оның ішінде әрбір телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін пайдаланушының бөлісінде, уақытша төмендету коэффициентін бекіту нәтижесінде телекоммуникациялардың реттеліп

көрсетілетін қызметтерінен алынған қосымша табыстардың немесе залалдардың көлемі.

**Е с к е р т у :**

Құжаттарды байланыс операторы ұсынатын телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметінің бөлісінде бекіту қажет.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК